аутентичности текстов на казахском и русском языках, соответствие нормам современной казахской литературы с учетом языковых особенностей правовых актов, грамматических, синтаксических, стилистических, логических ошибок, анализ использования терминов и соблюдение правил юридической техники, и проанализирована практика проведения лингвистической экспертизы проектов законов. В ходе практики проведения лингвистической экспертизы был сделан анализ на конкретных материалах, в которых не соблюдались требования пунктов 6, 7 статьи 6 и статьи 24 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О правовых актах», наглядно показаны ошибки и трудности юридического языка. Факты неверного толкования правовых норм языковых ошибок из-за несоответствия грамматических категорий в казахском, русском языках систематизированы и подтверждены конкретными примерами. Лексический, грамматический, стилистический анализ в статье проведен с целью избежания языковых проблем и обеспечения правильности правовых норм в использовании юридического языка. Предприняты попытки сохранения языковых норм и систематизации языковых недостатков.

## SOME ISSUES OF CARRYING OUT OF SCIENTIFIC LINGUISTIC EXPERTISE

**Akyzbekova Gulzhan Karimovna**

*Leading Researcher of the Center for Linguistics of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Philology; Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan; e-mail: g.akyzbekova@adilet.gov.kz*

**Keywords:** *scientific linguistic expertise; authenticity; linguistic norm; grammatical category; translation inconsistencies; terminological integrity and consistency; legal linguistic analysis.*

**Abstract.** *The article is devoted to the study of the practice of scientific linguistic expertise conducted for the authenticity of the texts in the Kazakh and Russian languages.*

*The author defines the subject of scientific linguistic expertise, because in some normative legal acts, regulate the preparation of acts and write the law, as well as in other legislative acts, the texts of normative legal acts in the Kazakh and Russian languages are not always identical, do not fully disclose the meaning.*

*In the article the linguistic expertise tasks are considered separately - determination of authenticity of texts in Kazakh and Russian languages, compliance with the standards of modern Kazakh literature, taking into account the linguistic characteristics of legal acts, grammatical, syntactic, stylistic, logical mistakes, analysis of the use of terms and compliance with the rules of legal technique, and analyzed the practice of linguistic expertise of draft laws.*

*During the practice of linguistic expertise, the analysis was made on specific materials that did not comply with the requirements of paragraphs 6, 7 of article 6 and article 24 of the Law of the Republic of Kazakhstan of April 6, 2016 «On legal acts», clearly shows the mistakes and difficulties of the legal language.*

*Facts of incorrect interpretation of legal norms of language mistakes due to the discrepancy of grammatical categories in the Kazakh, Russian languages are systematized and confirmed by specific examples.*

*In the article lexical, grammatical, stylistic analysis is carried out in order to avoid language problems and to ensure the correctness of legal norms in the use of legal language. Attempts have been made to systematize the preservation of language norms and language shortcomings.*

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары құқықтық жүйе қалыптасқан кезеңде қабылданған заңдардың мемлекеттік тілдегі мәтіндерінің сапасына тиісінше көңіл аударылған жоқ. Сол кезеңде заң мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптардың анықталмауы, терминдердің жүйеленбеуі, заң шығарушылардың еркін нақты әрі айқын да дәл жеткізетін тілдік құралдардың екшелмеуі заңнамалық актілер тілінің сапасына өз әсерін тигізді.

Құқықтық мемлекет ретінде нормативтік құқықтық база мемлекеттік тілде қалыптасуы

үшін ұлттық заңнаманың мемлекеттік тілдегі мәтіндерінің сапасын жетілдіру, мемлекеттік тілдегі заң мәтіндері тілінің айқындығы, нақтылығы, құқық нормаларына қатысты дәлдігін анықтау өзекті мәселеге айналып отыр. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары әзірлеген және Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізілуге жататын заң жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығына ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу қажеттігі туындады.



Лингвистика орталығы заң жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығына, заң жобаларының мемлекеттік тілге дұрыс аударылып, құқық нормаларының мазмұны анық, түсінікті, дәл тұжырымдалып, заң шығарушының еркін бір мағынада және айқын білдіретін терминдердің бірізді қолданылуы тұрғысынан ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізеді.

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 23-бабының үшінші бөлігінде қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс деп көрсетілген<sup>1</sup>.

Алайда «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында, «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында да, заң жобаларын әзірлеу және дайындау мәселелерін реттейтін басқа да заңға тәуелді актілерде де нормативтік құқықтық актілердің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығы ұғымы ашылмаған<sup>2</sup>.

Аутентикалы (мәтіннің теңтүпнұсқалығы) – (көне грек т. *authentikos* – түпнұсқалы) қандай да бір құжаттың басқа тілдегі мәтініне мазмұны бойынша сәйкес келетін және онымен бірдей күші бар мәтіні.

Мемлекеттік билік органдарының ресми көздерінде жарияланатын заңнамалық және заңға тәуелді актілер мәтіндері де теңтүпнұсқалы мәтіндер ретінде қаралып, төлнұсқаға сәйкес, анық, дұрыс, жарамды ресми құжат болып танылады.

Заң жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерін салыстыра отырып, құрылымы мен құрылысы жағынан ерекшеленетін қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің бір-біріне сәйкестігін анықтаудағы негізгі мақсат құқықтық нормалар түсіндірмелерін бір мағынада әрі дәл жеткізу үшін заң тілінің ұғынықтылығына, мазмұн айқындылығына, нақтылығына қол жеткізу. Осыған байланысты заң жобаларын әзірлеу және лингвистикалық сараптама жүргізу тәжірибесін зерделей келе:

- заң жобаларының қазақ және орыс тіл-

деріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын (сәйкестігін) анықтау;

- нормативтік құқықтық актілер тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, қазіргі қазақ әдеби тілі нормаларына сай болуы, грамматикалық, синтаксистік, стилистикалық, логикалық, редакциялық-техникалық қателерді жою және терминдердің қолданылуын саралау деп лингвистикалық сараптама жүргізу міндеттерін бөліп қарастырғанды жөн көрдік.

Ізденіс барысында қолданыстағы заңнама зерделенді және заң жобаларына лингвистикалық талдау жасалды.

Нормативтік құқықтық актілер мәтіндеріне қойылатын жалпы талаптар, оның ішінде лингвистикалық талаптар заңнамалық актілер деңгейінде бекітіліп, құқықтық актілерді әзірлеушілердің бұл талаптарды міндетті түрде сақтауы көзделген. «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 24-бабында нормативтік құқықтық акт мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптар белгіленген. Нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады, оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жататын мағынаны қамтымауға тиіс<sup>3</sup>.

Осы Заңның 23-бабы 6-тармағында нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың атаулары ресми атауына сәйкес толық және бүкіл мәтін бойынша бірізді жазылады деп анық жазылған. 7-тармақта қазақ тіліндегі нормативтік құқықтық актідегі терминдер мен анықтамалар әліпбилік ретпен орналастырылады. Орыс тіліндегі нормативтік құқықтық актідегі терминдер мен анықтамалар қазақ тілінде жазылған ретке сәйкес болуға тиіс.

Алайда заңнамалық актілер деңгейінде бекітілген талаптардың сақтала бермейтіндігіне көз жеткізуге болады.

Заң жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын (сәйкестігін) сараптау барысында:

а) заң жобаларында тұтастай абзацтар, бап немесе тараулардың сәйкес келмеуі салдарынан қазақ және орыс тілдеріндегі мәтін-

<sup>1</sup> «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>

<sup>2</sup> «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-І Қазақстан Республикасының Заңы; «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 23-бабы; «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; «Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ғылыми сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 497 қаулысы; «Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми сараптама жүргізу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 қыркүйектегі № 938 қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P100000938>

<sup>3</sup> «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>

дердің теңтүпнұсқалығы сақталмауы;

ә) әзірлеушілер нормативтік құқықтық актілер жобаларында атауларды, жобаның тақырыптарын, ұғымдық аппаратын мазмұндауда заңнамалық актілердің қолданыстағы редакциясын басшылыққа алмау фактілері жиі орын алатындығы анықталды.

б) 6-тармақтағы талап: мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың атаулары ресми атауына сәйкес емес, аудармашылардың өз бетінше аудару мысалдары жиі кездеседі. Сол сияқты қолданыстағы құқықтық актілер атауларын, тараулардың, баптардың тақырыптарын беруде осындай сипаттағы кемшіліктер жиі кездесетіндігі анықталды.

в) 7-тармақта көрсетілген талап ішінара сақталады. Іс жүзінде заң жобасындағы терминдер мен анықтамалардың орыс тілінде жазылған ретке сәйкестендірілу тәжірибесі жиі орын алады.

Агглютинативті тілдер тобына жататын қазақ тілінің және флективті тілдер тобына жататын орыс тілінің грамматикалық жүйелер сәйкессіздігі, осыдан келіп шығатын кейбір грамматикалық формаларды дәлме-дәл бере алмау салдарынан біраз қиындықтар туындайтыны белгілі [1]. Заң жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын (сәйкестігін) анықтауда осындай тілдік өзгешеліктер ескерілмесе, мәтін мазмұны өзгеріп, құқықтық норма мазмұнына нұқсан келтіруі мүмкін.

Зат есімнің жекеше және көпше түрде қолданылуына байланысты сәйкессіздіктер. Орыс тіліндегі жекеше немесе көпше түрде ғана қолданылатын зат есімдер айрықша назар аударуды қажет етеді. Орыс тіліндегі грамматикалық категориялардың (род, жақ, сан) қазақ тілінде болмауы немесе олардың қолданылуында өзіндік ерекшеліктер бар. Аударма тәжірибесінде қазақ тілінің де өзіндік ерекшеліктері ескеріле бермейтінін атап өту керек. Мәселен, «науки» – ғылымдар, «знания» – білімдер, «правонарушения» – құқық бұзушылықтар, «в целях» – мақсаттарда, «в случаях» – жағдайларда, «на основании» – негіздерде деп алынып жүр. Бұлар қазақ тілінің грамматикасы бойынша көпше түрдегі жиынтық ұғымды білдіретіндіктен, жекеше түрде берілуге тиіс. Мәселен, 2014 жылғы ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің атауын («Кодекс РК об административных правонарушениях») келтіруге болады. Осындағы «об административных правонарушениях» деген тіркес жиынтық ұғымды білдіретіндіктен, нормаға нұқсан келтіріп тұрған жоқ.

Бұл терминді мәнмәтінге қарай, кей-

де көпше түрде алуға тура келетін тұстар да (әсіресе, құқық бұзушылықтарды түрге, санатқа жіктеген кезде) жоқ емес. Заң жобаларын әзірлеу барысында тілімізге тән осындай ерекшеліктерді есте ұстаған жөн.

Заң жобасын әзірлеушілер осындай грамматикалық ерекшеліктерді ескерместен, заң техникасы ережелерін қазақ тіліне аударып беруде «мәтін бойынша тиісті жіктеудегі және септеудегі сөздер алып тасталсын» деп калька аудармасын жасайды. Екі тілдегі грамматикалық категориялардың сәйкес келмеу мәселесі назардан тыс қалады. Дұрысы «мәтін бойынша тиісті жекеше және көпше түрдегі және септік жалғаулы сөздер алып тасталсын» болуы керек. Бұл жерде салыстырылатын тілдердің грамматикалық ерекшеліктерін білу аса маңызды.

Заңнамалық актілердің қазақша мәтіндерінде заңның мәнін өзгертіп жіберетін, заң шығарушының еркін өрескел бұрмалайтын аударма кемшіліктері де кездеседі. Мәселен, Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшілерінің ұсынысымен «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабы 6-тармағына лингвистикалық сараптама жүргізілуге жіберілді<sup>4</sup>. Заңды зерделеу барысында осы норманың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің сәйкессіздігі анықталды. Нормативтік құқықтық актінің мәтіні нақты және әртүрлі түсіндіруге жататын мағынаны қамтымауға тиіс деген талапқа сәйкес көрсетілген норманың орыс тіліндегі мәтініндегі «менее» сөзі қазақ тіліне «кемінде» деп сөзбе-сөз қате аударылғандықтан, норма мазмұны бұрмаланған. Көрсетілген норманың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын сақтау мақсатында қазақ тіліндегі мәтінде «күнтізбелік 10 жылдан аз мерзімде болғандарға ...» деп аударып қолданса, норма мазмұнын нақтылай түсетіндігі көрсетілді. Нәтижесінде қате тұжырымдалып аударылған сөз заң мәтініне түзетіліп енгізілді.

Қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерде терминдердің мағыналық жүгі жағынан сәйкес келмеуі, яғни бір терминнің мағыналық мазмұны екінші терминнің мағыналық мазмұнынан кеңірек болуы: приобретение – «сатып алу» (покупка); «сбыт» – «сату» (продажа); идентификация – сәйкестендіру; потенциал – әлеует; декларировать – мағлұмдау; баланс – теңгерім; критерий – өлшемшарт; кредит – несие мысалдары да кездеседі.

Бір терминнің орнына бірнеше термин-синонимдердің қолданылуы: рынок – рынок

<sup>4</sup> «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000561>



сөздері «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында нарық (25 рет) – рынок (15 рет) қолданылған<sup>5</sup>. Қазіргі кезде «нарық» сөзін Терминологиялық комитет бекіткендіктен, ол практикада да, экономикалық тұрғыдан да сөздік қорымызға түбегейлі еніп тұрақты түрде қолданылып жүр. Осы және басқа да терминдердің бір заңның ішінде түрліше қолданылуына келсек, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенде, басқа баптар ескерусіз қалған тәрізді. Мұндай олқылықтар көптеген заң актілерінде кездеседі. Оларды болашақта бірте-бірте бір ізге салуға болады деп есептейміз.

Осы Заңда аффилированные лица – үлестес тұлғалар – аффилирленген тұлғалар, бұл жерде бірізділіктің сақталмауы салдарынан, бір ұғым екі түрлі аударылғандықтан, екі тұлға туралы айтылып жатқандай әсер қалдырады. Кәсіпкерлік қызметке өзінің пайыздық үлесімен қатысатын тұлға жайында болғандықтан, «үлестес тұлға» деп алынғаны жөн.

Бір заңның ішінде «услуги» – «қызметтер», «көрсетілетін қызметтер» деп аударылған. Қызметтің орыс тіліндегі нақты баламасы «деятельность» немесе «служба». Бұл орайда, соңғы жылдары қабылданған заңдарда (шарттарда, келісімшарттар мен келісімдерде) «көрсетілетін қызмет» тіркесі «услуги» сөзінің баламасы ретінде тұрақты түрде қолданылып жүргендігін естен шығармау қажет.

«Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «пропавшие без вести» – «хабарсыз кеткен», «хабар-ошарсыз кеткен» деп синонимдес сөздермен алынса, осы Заңда «жұмыс өтілі», «жұмыс стажы», «не вступившие в брак» – «некеге тұрмаған», «некеге отырмаған» бір терминнің түрліше қолданылуына жол берген<sup>6</sup>.

«Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңында «насильственные действия» – «күш көрсету әрекеттері», «күштеу әрекеттері», «күш қолдану әрекеттері»; «деп берушілік», «дем берушілік» (пособничество); «тіміскілік», «тыңшылық» (шпионаж); заявитель – «өтініш иесі», «өтініш беруші» тәрізді жарыспалы қолданыстар, «құқ», «құқық» тәрізді фонетикалық варианттар да кездеседі<sup>7</sup>.

Қолданыстағы заңнама редакциясында

«законодательство» – заңдар деп қазақ тіліне дұрыс аударылмағандықтан, екі тілдегі мәтіннің теңтүпнұсқалығы бұзылып тұр. Қазіргі уақытта қолданыстағы заңдарға түзету енгізілгенде терминнің осы аудармасы ескеріле бастады. Осы тәріздес «құбыржол», «құбыр» (трубопровод) нұсқалары кездеседі. Дәл баламасы құбыржол болуға тиіс. Өйткені «құбыр» терминінің орыс тіліне кері аударғанда «труба» болып шығады.

«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «маркировка» – таңбалау – таңбаланым деп түрліше қолданылған<sup>8</sup>. Қазіргі уақытта «маркалау» деп қолданылып жүр, ал «таңба» – «знак» деген мағынада қолданылады.

Бір ғана заңнамалық актіде бір ұғымның 5 баламасы берілген тұстар да бар: «субсидиарная ответственность» ұғымы «субсидиарлық жауапкершілік»; «жәрдем беру», «жәрдем»; «қосалқы жауапкершілік»; «субсидиялық жауапкершілік».

Осылайша, заң жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету аясында орысша түпнұсқасынан аударылатын мәтіннің сапасын арттыру, орын алған тілдік кемшіліктер мен олқылықтарды жою тәрізді жұмыстар жиі жүргізілетініне назар аударғымыз келеді.

Заң жобасының қазақ тіліндегі мәтінінің сапасын арттыру – лексикалық, грамматикалық, стилистикалық нормалардың сақталуымен тығыз байланысты.

Лексикалық талдау. Заңнамалық актілердің терминологиялық аппаратымен жұмыс істеу – сарапшылық қызметтің негізгі бағыттарының бірі. Заң шығарушының еркінің дәлдігі әрі заңның нәтижелілігі заңдарда терминдердің нақты әрі бірізді қолданылуына тікелей байланысты екендігі белгілі.

Ал қазіргі тәжірибеде құқық салаларының ұғымдық аппаратының тұтас құрылымын құрудың орнына қандай да бір нормативтік актіде тіркелетін жекелеген элементтерін қарастырудан әрі шыға алмай отырмыз. Салалық және салаларалық нормативтік актілердегі терминологиялық лексиканың бірізділігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мәселесі назар аударуды қажет етеді.

Қолданыстағы заңнамада бір ғана ұғымды белгілеу үшін түрлі терминдер немесе сөз тіркестерін негізсіз пайдалану жағдайлары орын алған тұстары да аз емес. 2007 жылғы

<sup>5</sup> «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000126>

<sup>6</sup> «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000365>

<sup>7</sup> «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930002200>

<sup>8</sup> «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000306>

9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің қолданыстағы редакциясын зерделей отырып, 1-баптағы пайдаланылатын негізгі ұғымдарда «ластауыш» терминімен берілгеніне қарамастан, Кодекстің өн бойында ластауыш – ластаушы – ластағыш терминдері алма-кезек қолданылғанына көз жеткізуге болады<sup>9</sup>. Кодекс мәтіні терминологиялық тұрғыдан мұқият пысықталмағандықтан, біртұтас терминологиялық жүйенің сақталмауы тиянақсыздық туғызатындығын көруге болады.

Ал 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілу барысында «ластауыш» термині қолданылған<sup>10</sup>.

Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы 2010 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңының 3-бабында ластағыш терминімен берілген тұсы бар<sup>11</sup>.

Лексикалық талдау жүргізуде ұлт тілінің түсіндірме сөздіктерінде, басқа да сөздіктерде, анықтамалықтарда қамтылған лексикалық нормалар басшылыққа алынады.

Заң шығарушының еркін нақты бір мағынада және айқын білдіретін терминдердің бірізді қолданылуы, олардың ұлттық заңнамада қолданылатын терминдермен арақатысын белгілеу тұрғысынан да сараптау қажеттігі туындайды.

Қолданыстағы заңнама терминологиясындағы бірізділікті сақтау болашақта оларды әрі қарай үйлестіру және стандарттау ісіне негіз болары сөзсіз. Әрі бірізді жүйені құрайтын терминдер арқылы берілетін ақпаратты қабылдау, жинақтау, сақтау және беру де айқындала түсері анық.

Грамматикалық талдау. Сөздерді қолданудағы бірізділіктің болмауы айтылып та жазылып та жүр. Ол грамматикалық тұлғалар мен синтаксистік құрылымдардың жұмсалуында кездесіп отырады. Олардан аз уақыттың ішінде арылу оңай емес. Сондықтан тілде бар, тілге қатысты ережелерді ұстанған жөн. Грамматикалық талдау барысында заң мәтінінің қазақ тіліндегі нұсқасында жіберілетін тілдік қателерді жүйелей келе, зат есімдерге септік жалғауының дұрыс жалғанбауы: «сақтандыру рыногының қатысушылары» дұрысы: сақтандыру рыногына қатысушылар; сын есімнің шырайларын орынсыз қолдану мысалдары да бар екендігі анықталды. Сол сияқты синтак-

систік қателерге: сөз тіркестіру нормаларының сақталмауы, бағыныңқы мен басыңқы сыңарлардың араларының тым алшақ болуынан мағыналық байланыс нақтылығының болмауы; сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің сақталмауы; есімдіктерді орынсыз қолдану себебінен сөйлем мағынасының күңгірттенуі; құрмалас сөйлем компоненттерінің арасында логикалық-грамматикалық байланыстың болмауы; құрмалас сөйлем компоненттерінің тым шұбалаңқы болуы; мәтін ішіндегі сөйлемдердің бір-бірімен мағыналық-грамматикалық байланыстың болмауы салдарынан ойдың күңгірттенуі тәрізді тілдік олқылықтар анықталып, құқық нормаларын анық әрі дәл беру үшін түзету жұмыстары жүргізіледі.

Орфографиялық талдау. Заң жобаларында мазмұн айқындылығын, нақтылығын, дұрыстығын қамтамасыз етуде орфографиялық ережелер қатаң сақталуға тиіс. Орфографиялық нормалардың сақталуын бағалау, әріптік (сөздердің жазылуы, бас әріптердің қолданылуы) және әріптік емес графикалық белгілердің (дефистер, бос орын және т.б.) көмегімен сөздердің дұрыс берілуін қамтиды. Жиі кездесетін орфографиялық қателер: келісім-шарт – келісімшарт; кез-келген – кез келген; уақытылы – уақтылы; «вправе» сөзі «хақылы», «құқылы» деп түрлі нұсқада қолдану тәжірибесі де бар. Дұрысы, Терминологиялық комитет «право» – «құқық», ал «вправе» – «құқылы» деп бекіткелі біршама уақыт болды.

Осы тәріздес «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында религиозные обряды – діни құрыптар деген нұсқасы бар [2], Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде діни ұрып деп берілген.

Қазақ тілінің орфографиялық нормаларын тұрақтандыруда, жұртшылықтың жазу мәдениетін көтеретін бірден бір құрал – орфографиялық сөздіктер. Осы күнге дейін ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің» бірнеше басылымын шығарып, әр басылым сайын сөздік толықтырылып, жүйесі жетілдірілуде. Бұл сөздік бұрын ресми түрде бекітілген (1983 ж.) «Қазақ тілі орфографиясы негізгі ережелерінің» ең соңғы редакцияланған нұсқасы негізге алынып жасалған. Орфографиялық ережелердің аталмыш редакцияланған нұсқа-

<sup>9</sup> 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070000212>

<sup>10</sup> Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 3 желтоқсандағы Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000505>

<sup>11</sup> Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы 2010 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1000000351>



сы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік терминология комиссиясында бекітілді (2006 ж.), сондықтан ол жазу нормаларын заңдастыруда басшылыққа алынатын бірден-бір нормативті құжат деп есептеледі.

Пунктуациялық талдау. Заң жобаларының мәтіндерінде пунктуация нормаларының сақталуын, яғни тыныс белгілерінің дұрыс қолданылуын зерделей келе, «дефис», «тире» тыныс белгілеріне қатысты кемшіліктер жиі кездесетіндігі анықталды. Сол тәрізді құрмалас сөйлемдердің бағыныңқы, басыңқы сыңарлары арасында қойылатын (,) үтір тыныс белгісі, белгілі бір ұғымға түсіндірме беруде қойылатын ( ) жақша тыныс белгілері жөнінде тоқталатын жайттар аз емес.

Ұлттық заңнаманың мемлекеттік тілде-

гі мәтінінің сапасын жетілдіру заң шығармашылығын жетілдіру қызметінің негізгі міндеттерінің бірі болғандықтан, алда атқарылатын жұмыстар аз емес. Заң тіліне тән сөз қолдану мәселесіндегі тілдік қиындықтарды болдырмау және құқық нормаларын дұрыс жеткізу мақсатында жүргізілген лексикалық, грамматикалық, стилистикалық талдаулар құқық нормаларының мазмұны анық, түсінікті, дәл тұжырымдалуына септігін тигізеді сөзсіз. Қазақ тіліндегі мәтіннің сапасын арттыру үшін білікті заңгерлер мен лингвистердің бірлесе отырып жүргізетін кешенді ғылыми зерттеулері нәтижесінде ғана заң тілінің ұғынықтылығына, мазмұн айқындылығына, нақтылығына қол жеткізілмекші.

## ӘДЕБИЕТ

1. Баскаков Н.А. *Сопоставительная грамматика русского и казахского языков*. – Алматы: «Қазақ ССР-нің Ғылым» баспасы, 1966. - 459 б.
2. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі / Жауапты ред. ҚР ҰҒА академигі, профессор Р. Сыздық. – Алматы: Арыс баспасы, 2015. - 480 бет.

## REFERENCES

1. Baskakov N.A. *Sopostavitel'naja grammatika russkogo i kazahskogo jazykov*. – Almaty: «Қазақ ССР-нің Ғылым» баспасы, 1966. - 459 б.
2. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі / Zhauapty red. ҚР ҰҒА академигі, профессор Р. Сыздық. – Almaty: Arys baspasy, 2015. - 480 bet.

ӘОЖ: 811.512.122\*35:811.124\*06

## ТЕРМИНДЕРДІ ҚОЛДАНУ: ТИІМДІЛІГІ МЕН КЕЛЕҢСІЗДІКТЕРІ

**Дүйсенкүл Мұхамбетжанқызы Шыңғысбаева**

Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институты  
Лингвистика орталығының аға ғылыми қызметкері; Нұр-Сұлтан қаласы,  
Қазақстан Республикасы; e-mail: leila2004@mail.ru

**Назгүл Амантайқызы Хамзина**

Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институты  
Лингвистика орталығының аға ғылыми қызметкері; Нұр-Сұлтан қаласы,  
Қазақстан Республикасы; e-mail: abutai\_79@mail.ru

**Түйін сөздер:** аударма; терминдер; заң терминологиясы; ұлттық ұғым; контекст; ой дәлдігі; балама нұсқа.

**Аннотация.** Қазіргі жаһандану дәуіріне қарыштап қадам басып келе жатқан кезеңде терминдерді дұрыс, өз орнында, бұлтартпай қолдана білу өте маңызды. Өйткені осындай үлкен жаһандану құбылысы кезінде өзімізді ұлт ретінде сақтап қалуда - тілдің, оның ішінде терминдердің де орны ерекше. Өйткені ғылым мен техника қарқындап дамыған сайын термин сөздерге деген сұраныс та арта түсуде. Терминдер негізінде арнайы ғылыми, техникалық, өндірістік т.б. салаларда пайдаланылады. Терминдердің өзіндік жеке қызметі бар.